

Қазақстан Республикасының бюджеттен тыс қорларына қаражаттар жинауды қамтамасыз ету жөніндегі қосымша шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 7 мамырдағы N 413. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

"Бюджеттен тыс қорларға аударымдарды төлеушілердің жеке шоттарын салық органдарына беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 желтоқсандағы N 1861 қаулысына және шаруашылық жүргізуші субъектілердің бюджеттен тыс қорларға төлемдері бойынша берешектерін өтеуді ынталандыру жөніндегі шараларға сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1998 жылдың 1 мамырынан бастап заңды тұлғалар, сондай-ақ заңды тұлға құрмастан кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғалар үшін Қазақстан Республикасының бюджеттен тыс қорларына төлемдер бойынша берешектерін өтеудің мынадай тәртібі енгізілсін:

1998 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша 1998 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі мерзімде негізгі борыш сомасына өсім есептеуді тоқтата тұру;

1998 жылдың 1 мамырындағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының бюджеттен тыс қорларына төлеуге жататын өсім сомасын есептен шығару борыштың сомасын өтеуге бара-бар жүргізіледі.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі осы қаулының 1-тармағына сәйкес тоқтата тұру кезеңі үшін негізгі борыштың өтелмеген бөлігіне 1999 жылдың 1 қаңтарынан бастап өсім есептеу және өндіріп алу көзделетін Қазақстан Республикасының бюджеттен тыс қорларына төлемдерді уақтылы төлемегені үшін бұрын есептелген өсімді есептен шығару жөніндегі жұмыстарды жүргізудің тәртібін әзірлесін және бекітсін.

3. Осы қаулының атқарылуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жүктелсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі